

"ҚР Б.1-6-98 ҚН Құрылыс құжаттамаларының мемлекеттік сараптау жүргізу ережелерінің" бекітілуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті Қазқұрылыскомитеті 1998 жылғы 18 желтоқсан N 55 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 22 қаңтарда N 671 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 352 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 352 бұйрығымен.

-----БҰЙРЫҚТАН ҮЗІНДІ-----

Комитеттің жекелеген актілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында және "Алдын ала жобалау құжаттамасының жекелеген түрлері, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы бойынша сараптама жүргізу ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 1250 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) қабылдануына б а й л а н ы с т ы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Құрылысқа арналған құжаттамаларға мемлекеттік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" ҚР ҚН Б.1-6-98 Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитет төрағасының 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 55 бұйрығының және (1999 жылғы 22 қаңтардағы тіркеу N 671) күші жойылды деп т а н ы л с ы н . . .

*Т ө р а ғ а н ы ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

1993 жылғы 22 қаңтардағы N 2474-XII Қазақстан Республикасында сәулет-қала және қала-құрылысы туралы Заңды жүзеге асыру мақсатымен б ұ й р ы қ е т е м і н :

1. Қоса беріліп отырған ҚР Б.1-6-98 ҚН "Құрылыс құжаттамаларының мемлекеттік сараптау жүргізу ережелері" бекітілсін және Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі кезеңінен бастап қолданылымға енгізілсін.

2. Осы Ережелер қолданылымға енгізілуімен байланысты Қазақстан Республикасының аумағында Б.1-6-98 ҚН "Құрылыс құжаттамаларына мемлекеттік сараптау жүргізу тәртібі туралы Нұсқаудың" күші жойылды деп с а н а л с ы н .

3. Құрылыс, сәулет-қала және техникалық нормаландыру басқармасы (Бекмұхамбетов С.К.), Қазақстан мемлекеттік құрылыс жөніндегі ақпаратты баспа орталығымен бірге (Дүйсенов Б.С.) белгіленген тәртіп бойынша материалдардың жинақтарына ҚР Б.1-6-98 ҚН "Құрылыс құжаттамаларының мемлекеттік сараптау жүргізу Ережелерінің" бекітілу туралы ақпаратты кіргізсін және басылымды бастырып шығаруын дайындасын.

Төрағасы

Құрылыс құжаттамаларының мемлекеттік сараптау жүргізу Ережелері

I бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқау құрылыс құжаттамаларына мемлекеттік сараптау жүргізетін жалпы ережелерін, тәртібін және мерзімдерін белгілейді, оның ішіне қаржы салымының негіздеуі, құрылыстардың техника-экономикалық дәлелдеуі (есептеу), жобалар, құрылыс жүргізу жұмыс жобалары, кеңейту, қайта жанарту, техникалық қайта жарақтандыру және Қазақстан Республикасының аумағындағы кәсіпорындар, сәулет құрылыстары мен ғимараттардың күрделі жөндеулері кіреді, және мемлекеттік мекемелермен, құрылыстағы инвестициялық үдерісіне қатысушылары - құрылыс жобаларының сараптамасын жүзеге асыратын, мемлекеттік басқару мен бақылау органдары, заказ берушілер (инвесторлар), кәсіпорындар, ұйымдар, басқадай заңды және қара күшке негізделген тұлғалармен пайдалануға арналады.

2. Мемлекеттік сараптама құрылыстың инвестициялық үдерісінде кезеңнің бірі болып табылады және мемлекеттік нормалары мен ережелеріне талап етпейтін объектілердің құрылыстарын алдын ала тоқтату мақсатында, немесе азаматтардың Заңмен қорғанатын құқықтары мен қалауларына, заңды тұлғаларға және мемлекетке нұқсан келтіретін кезде, сонымен қатар әлеуметті-экономикалық, ғылыми-техникалық, сәулет-қала құрылысын, энергия сақтау және табиғатты қорғау саясаттарын бұзбайтынын бақылау мақсатымен ө т к і з і л е д і .

3. Мемлекеттік сараптаманы жүргізетін кезде Қазақстан Республикасының заң жиынтығы мен нормаларды белгілейтін актілермен, осы Ережелерімен, және басқа инвестициялық қызметін реттейтін мемлекеттік құжаттарын басшылыққа

4. Құрылыс құжаттамаларына мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Өкіметі белгілейді.

5. Сәулет-қала құрылыс құжаттамаларына мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылысминінің 1994 жылғы 24 қарашадағы N 11-2 коллегиясының Қаулысымен бекітілген "Сәулет-қала құрылыс жобаларын әзірлеу, келісу, сараптама жүргізу, бекітілу Тәртібіне" сәйкес белгіленеді.

2 бөлім. Сараптаманы жүргізу тәртібі

6. Құрылыс құжаттамаларына сараптама жүргізу тәртібі бойынша кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттардың құрылыс салу жобалары мемлекеттік сараптаудан төмендегідей тәртіп бойынша өтуге тиісті: Мемлекеттік ұлттық және республикалық мақсатты бағдарламаларының жобаларын сараптауы, және басқа ең үлкен және теңдессіз объектілер мен кешендердің құрылыстары толығымен немесе бөлшектеп мемлекеттік қаржы салымы есебінен жүзеге асырылатын, республикалық мемлекеттік сәулет-қала құрылыс қызметін басқаратын ұйымының ұсынысы мен Қазақстан Республикасы Өкіметінің шешімі бойынша сарапшылар комиссиясы құрылады, олардың ішіне ғылыми, қоғамдық және басқа мекемелердің өкілдері, қажет болғанда шетелдік мамандары кіреді. Кәсіпорындар, сәулет құрылыстары мен ғимараттардың үлкен және теңдессіз (күрделі) кешендер қатарына "Кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар құрылысының жоба құжаттамаларын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі туралы Нұсқаунама" Қазақстан Республикасының А.2.2-1-96 құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес тағайындалады.

Объектілер мен кешендердің құрылыс құжаттамаларын, толығымен немесе бөлшектеп мемлекеттік бюджет есебінен, арнаулы мемлекеттік қорлары, банктік несиелері, мемлекеттік валюта қаржысы және Қазақстан Республикасына пайдалануға немесе Қазақстан Республикасының гарантияларымен берілетін инвестициялық несиелер арқылы, сонымен қатар кәсіпорындар мен мекемелердің қаражаттары (қажет болғанда басқа министрліктер, ведомстволар және мекемелердің мамандарын жұмысқа тарту) арқылы:

объектілер мен кешендердің смета бойынша (есептеу) құны базистық бағамен алғанда 10 млн. теңге және одан жоғары болғанда - Мемлекеттік жобаларды ведомстводан тыс сараптауымен (Мемсараптамамен);

өндірістік саласына тағайындалған объектілер мен кешендердің смета бойынша (есептеу) құны базистық бағамен алғанда 10 млн. теңгеге дейін болғанда - Мемсараптаманың жергілікті бөлімшелерімен (еншілес кәсіпорындарымен);

бір үлгілі, экспериментальдық және қайта бекітілетін жобалар және бірыңғай жобалық шешімдер бойынша - Мемсараптамамен жүзеге асырылады.

Объектілер мен кешендердің құрылыс салу жобалары бекітуге дейін қаржыландыру бұлақтарына, меншік түрлеріне және объектілердің қатыстылықтарына қарамастан, оның ішінде бірлескен мен шетелдік субъектілермен салынып жатқан, жарылыс және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін бұзбауына, конструкциялардың сенімділігіне және олардың тұрақты жұмыс істеуіне, сонымен қатар, еңбектің жағдайы мен қорғауына қарамастан, мемлекеттік сараптаудан өтуге тиісті.

7. Мемлекеттік инвестициясыз қаржыландырылатын объектілер мен кешендердің құрылыс салу құжаттамалары, жарылыс және өрт қауіпсіздігі, конструкциялардың сенімділігі және олардың тұрақты жұмыс істеуі, еңбектің жағдайы мен қорғау бөлімдерінен басқа сарапты жұмыс жүргізуге рұқсат беретін мемлекеттік лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғалардан міндетті түрде с а р а п т а м а н ы ө т у г е т и і с т і .

Жеке тұрғын үйлердің құрылыстарына сараптама жүргізу тәртібі "Жеке тұрғын үйлердің құрылыс салу құжаттамаларының құрамы, әзірлеуі, келісуі, бекітілуі және олардың тәртібі туралы Нұсқаунама" Қазақстан Республикасының А.2.2.6-97 құрылыс нормалары мен ережелерінде белгіленеді.

8. Құрылыс салу құжаттамаларына сараптама жүргізетін және сараптық баға беретін негізі болып шарт қолданылады, ол республикалық мемлекеттік сәулет-қала құрылыс қызметтерін басқару органы белгілеген тәртіп бойынша, заказ беруші (инвестор) мен Мемсараптама арасында ақы төлеу негізінде ж а с а л а д ы .

9. Орындаушы билік органдары мен мемлекеттік сараптау жүргізетін ұйымдардың кәсіптік қызметіне килігулеріне құқығы жоқ.

3 бөлім. Жобалық құжаттаманың көлемі және оны сараптамаға ұсыну тәртібі

10. Құрылыс салу құжаттамалары комплекстік сараптама жүргізетін мемлекеттік сараптау ұйымына, қазіргі нормативтік құжаттарда қарастырылған оларды әзірлеуіне қажетті көлемінде, басты және рұқсат ететін құжаттамаларымен бірге қажетті келісімдері және мемлекеттік экологиялық сараптауының қорытындыларымен (келісімдері) 2 данада заказ беруші (инвестор) м е н ұ с ы н ы л а д ы .

11. Мемлекеттік инвестициясыз қаржыландырылатын объектілер бойынша, құрылыс салу құжаттамалары жобалық шешімдерге баға беруге қажет көлемінде, яғни жарылыс және өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері, конструкциялардың сенімділігі мен олардың тұрақты жұмыс істеуі, және еңбектің жағдайы мен қорғауы, жобалық шешімдері бекітілген қала құрылыс құжаттамаларының шешімдеріне сәйкес, құрылыс салу құжаттамаларының келісу мен бекіту тәртіптері сақталған түрінде сараптамаға ұсынылады.

12. Мемқұрылыслицензия ұсынысы бойынша Мемсараптама өзінің қарауына тиісті, мемлекеттік лицензия алуға (күшін айыруға, тоқтатуға), іріктеп бақылау жүргізеді, құрылыс салу құжаттамаларының көлемі сарапшы ұйымымен дербес белгіленеді. Ұсынылған құжаттамаларға жобаның бекітілу туралы құжаттары, құжаттаманы бұрын қараған сарапты ұйымының қорытындысы және құрылыстың ахуалы жайлы анықтамасы (салынып жатқан объектілер бойынша) қ о с ы л а д ы .

13. Қажет болғанда, сарапты ұйым қарап жатқан құрылыс салу құжаттамасы бойынша қосымша бағдарлама талап етуге құқығы бар.

14. Ұсынған материалдардың жинақталғанның, жобалық құжаттамаларының құрамы қазіргі нормативтік құжаттамаларының талаптарына сәйкестігін, оларды алған күннен бастап 5 күннің ішінде сарапты ұйымымен анықталады.

Құрылыс салу құжаттамаларының жинақталмағаны анықталғанда сарапты ұйым жетпеген материалдарды ұсыну қажет екенін заказ берушіге ескертеді. Бұл жағдайда сарапты ұйым құрылыс салу құжаттамалары жинақталғанға дейін, оларды қабыл алмауға немесе сараптама жүргізетін шарттың мерзімдерін ауыстыруға ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

15. Қ а й т а л а у с а р а п т а м а ғ а :

сарапты ұйымының ескертулері бойынша пысықталған құрылыс салу құжаттамаларына дайындаған түсіндіргіш записка, анықталған техника-экономикалық көрсеткіштерімен және құрылыстың смета (есептеу) б а ғ а л а р ы ;

алдында қаралған қорытындылары бойынша өзгерістер мен толықтырулары кіргізілген құжаттамасы ұсынылады.

4 бөлім. Сараптау жүргізу кезінде тексерілетін негізгі сұрақтары *

* негізгі сұрақтары сала ерекшелігі, өзгеше жағдайлар мен құрылыстың түрлеріне байланысты анықталады.

16. Құрылыс жобаларына сараптау жүргізгенде:

қабылдаған шешімдер объектінің құрылысына жұмсалатын инвестиция жинақталған қорытындысына, басқа жобалау алдындағы деректерге, жобалау жүргізуге арналған тапсырмасына, және нәтижелі мәліметтерге, техникалық жағдайлары мен объектінің орналасқан жерін келісілетін мемлекеттік қадағалау органдары мен мүдделік ұйымдарымен берілетін талаптарына сәйкес болуын;

жобаға мүдделік ұйымдары мен мемлекеттік қадағалау органдарының к е л і с і м д е р і н і ң б о л у ы н ;

жобаланған объектінің жұмыс істеу нәтижесінің, ішкі және сыртқы нарықтарында оның өнімдері (қызметтері) бәсекеге шыдайтын, табиғи және

басқа қорлары болғанынан шығатын әлеуметтік қажеттілігінен шаруашылықтық қажеттілігі мен белгіленген құрылыстың экономикалық мақсатқа сәйкестігін;

қала құрылыстық, инженерлі-геологиялық, экологиялық және басқа факторларға байланысты құрылыс алаңын (трассасын) таңдауын және жерді пайдалану, аумақтың әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымының дамуы, алаңның (трассаның) орналасу түрлерінің теңестіру анализ қорытындысы бойынша жергілікті басқару органдарының келісімдерін;

қабылданған жобалық шешімдерге, шикізатпен қамтамасыз етуіне, отын-энергия және басқа ресурстарға, шығаратын өнімінің қажеттілігіне немесе ұсынылатын қызметтеріне байланысты объектінің қуаттылығын анықтау дәлелдеуін (сыйымдығын, өткізу қабілеттілігін);

айналадағы табиғатты ортаны қорғау, авария жағдайларын алдын ала ескерту және олардың зардаптарын жою бойынша техникалық шешімдермен шаралардың жеткіліктілігі мен әсерліктерін;

кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттардың қауіпсіздік пайдалануын қамтамасыз ету және жарылыс, және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің бұзбауын;

еңбекті сақтандыру, техника қауіпсіздігі және санитарлық талаптарының нормалары мен ережелерін сақтауын;

халықты қорғау инженерлік-техникалық шаралардың игіліктігі мен тыныштығы және әскери төтенше жағдайларда объектілердің тұрақты жұмыс і с т е у і н ;

халықтың онша жинақы емес топтарының тіршілік қызметін қамтамасыз ететін жобалық шешімдерінің барын;

құрылыс салуға (қайта жаңартуға) белгіленген кәсіпорын (ғимараттың) техникалық дәрежесінің бағасын;

объектінің құрылысына жұмсалатын инвестицияның нәтижелілігінің бағасын және оның жұмыс істеу жағдайлары, сонымен бірге кредитті қайтарып алынатынын тексереді;

технологиялық үдерістерімен схемалардың ықтимал варианттарының салыстыру негізінде қолданылатын өндіру технологиясын дәлелдеуін, негізгі технологиялық құрал-жабдықтарын таңдауын;

инженерлік қамсыздандыру бойынша қабылданған шешімдердің ұтымдысын, автономиялық жүйелері мен қайталама энергоресурстарының пайдалануларының мүмкіншілігі мен орындысын;

шикізат пен қалдықтарды пайдаланатын толық немесе комплекстік негізінде қалдықсыз (қалдығы аз) өндірістің барын;

құрылыс шешімдерінің дәлелдеуі мен беріктігін (әсіресе қиын инженерлік-геологиялық жағдайларда салынатын объектілерде);

бас жоспар бойынша шешімдердің ұтымдысын, олардың бекітілген қала құрылыс құжаттамасымен өзара байланысын, территорияның салыну тығыздығы мен инженерлік байланыс жолдарының ұзындығы бойынша шешімдердің тиімдісін;

өндірістердің орналасуы мен жұмыс істеушілердің жайлы санитария-гигиеналық және басқа қауіпсіз жағдайларының тиімді пайдалану қажеттігінен шығатын қабыл алынған көлемді-жоспарлық шешімдермен үйлер мен ғимараттардың жалпы өлшемдерінің дәлелденгенін;

үйлердің көлемімен және жердің көлемінің пайдаланған нәтижелерін;

сәулеттік бірлігі мен үйлермен ғимараттардың сәулеттік келбеттерін жоғары дәрежеде қамтамасыз етуін, олардың қала құрылыс талаптарына салынып жатқан құрылыспен байланысты сәйкестігін;

энергияжинақтау бойынша техникалық шешімдердің жеткіліктігі мен нәтижелісін;

құрылысты ұйымдастыру бойынша жобалық шешімдердің бағасын;

құрылыстың белгіленген күнінің дұрыстығын.

5 бөлім. Қабылданған жобалық шешімдердің талдау қорытындылары

17. Қабылданған жобалық шешімдердің бағасы:

құрылыстың салалық ерекшелігіне байланысты белгіленетін техника-экономикалық көрсеткіштерінің құрамы, объектінің құрылыс инвестицияларының дәлелдеу құрамында анықталған көрсеткіштерімен салғастыру бойынша және жобалау жүргізу тапсырмасында белгіленген техника-экономикалық көрсеткіштерінің талдау бойынша;

жобалау алдындағы бекітілген құжаттамалары мен жобалау жүргізу тапсырмасындағы жобалық шешімдердің сәйкестігі бойынша;

құжаттамаларды безендіру сапасымен қоса ұсынылған құжаттамалардың жинақтығы мен жобалық дәйектеулерінің тереңдігі бойынша;

қазіргі деректі, нормативтік және басқа құжаттамаларда көрсетілген талаптарын орындамауы мен шегіністері бойынша;

қаралған құжаттамалар қоршалатын конструкциялардың жылу сақтауы 25 желтоқсандағы N 210-13 РК "Энергияжинақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігімен және газ, су, жылуды бақылау, есептеу және реттеу приборлары орнатылу есебі бойынша беріледі.

Мемсараптаманың ұсыныстарында жобаланатын объектінің техника-экономикалық дәрежесінде өткізетін сараптауының әсері және оның инвестицияларының нәтижесінің өзгерістерінің бағасы мен сапалық сипаттамалары, технико-экономикалық көрсеткіштері мен шикізаттың, материалдардың, өндіріс пен құрылыстағы отын-энергетикалық ресурстардың

қабылданған жобалық шешімдер бойынша деректі өзгерістер мен ұсыныстар, сараптау үдерісінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және олардың іске қосылуынан күтетін нәтижелері (сандық бағалауымен қарағанда);

экономикалық нәтижелігі, экологиялық қауіпсіздігі, пайдалану сенімділігі, өнімнің бәсекеге шыдайтыны және объектінің әлеуметтік маңыздылығын ескеру бойынша құрылысқа жұмсалатын инвестициялардың орындылары туралы жалпы с ұ р а қ т а р ы ;

кейінгі жобалау жүргізуде жеке жобалық шешімдердің қосымша толықтай қайта қарап жетілдіру туралы кепілдемелері;

жобаны бекіту (дұрыс қорытынды) немесе қабыл алмау кепілдемелер туралы т ұ ж ы р ы м д а м а л а р к і р е д і .

Сараптаманың нәтижелері бойынша қорытынды жасалады.

Құрылыс құжаттамаларын тексеруін іске асыратын - Мемлекеттік сараптық ұйымы жобаны қарауына қатысқан басқа мемлекеттік және сараптау жүргізуге рұқсаты бар ұйымдардың қорытындылары бойынша құжаттамаға жиынтық сараптық қорытынды дайындайды.

Үйлер мен ғимараттардың беріктігін төмендету немесе тұрақтылығын жоғалту және басқа қауіпті жағдайлар тудыратын сараптама жүргізу кезінде анықталған нормативтік талаптарды дөрекі орындамағандары, белгіленген түрде жобалық құжаттамаларды дайындайтын мекемелерге айып санкциялары салынады немесе оларға берілген лицензиялардың күшін тоқтату (күшін жою) ш а р а л а р қ о л д а н ы л а д ы .

Құрылыс құжаттамаларын қараған нәтижелері бойынша құрастырылған сараптау қорытындысына құжаттаманың сараптамасына қатысқан сарапшы бөлімшелерінің бастықтары мен жүргізу сарапшының қолдары қойылады.

Дұрыс қорытынды сарапты ұйымының бастығымен, ал сараптаманы сарапты комиссия құрып жүргізген кезінде - комиссия Төрағасымен бекітіледі.

Белгіленген тәртіп бойынша дайындалған сарапты қорытындысы (лайықты тіркеуден кейін) ілеспе (бастықтың немесе оның орынбасарларының қолдары қойылған) хат арқылы заказ берушінің (инвестордың), жобалық және басқа мүдделік мекемелердің мекен-жайларына жіберіледі.

21. Сарапты қорытындысы заңды құжат болып табылады және инвестициялық қызметінің барлық қатысушыларымен міндетті орындауларына т и і с т і .

Құрылыс салу құжаттамаларына берілген Мемсараптаманың дұрыс қ о р ы т ы н д ы с ы :

- белгіленген тәртіп бойынша бекітілудің;
- одан әрі қарай жобалау жүргізу үшін;
- құрылыс салу рұқсатын алу үшін;

- қаржыландырудың басталуына;
- тендер (саудалау) жүргізетін және контракті жасасатын негізі болып
т а б ы л а д ы .

Сарапты қорытындының жұмыс мерзімі 2 жыл.

Бұрын бекітілген жобалық-есептеу құжаттамалардың жобалық шешімдері мен техника-экономикалық көрсеткіштері өзгерген жағдайларда құжаттама қайталап қарауға ұсынылуға тиісті.

22. Сараптаманы жүргізетін Шарт заказ берушімен не болмаса оның шешімі бойынша жобаны әзірлеген жобалық ұйымымен жасалады. Сараптау жүргізу Шарты делдалдық ұйымдар арқылы жасалуға рұқсат етілмейді.

8 бөлім. Сараптау жүргізу мерзімі

23. Құрылыс құжаттамасына комплекстік мемлекеттік сараптау жүргізу мерзімі сараптаманың жұмыс көлеміне тәуелділінеді, бірақ ол тәртіп бойынша 45 күннен аспауы керек.

24. Сараптаманың ескертулері мен ұсыныстары бойынша құжаттаманы түзету уақыт мерзімі тәртіп бойынша 30 күннен аспауы керек.

25. Жеке бөлімдер мен сұрақтар бойынша дайындалатын қорытындылардың мерзімі тәртіп бойынша құрылыс құжаттамасына комплекстік сараптау жүргізу уақытының ұзақтылығынан 50 процент аспауы керек.

26. Сараптама жүргізу мерзімінің басталуы мен аяқталуы сараптау жүргізу шартымен белгіленеді.